



Құрметті әріптестер

Осы хатта бәріңізге сәлемімді жолдай отырып, мен Сіздерді алдымыздағы бірнеше жылда істелетін қыруар жұмыстың ең көкейкесті мәселелерін талқылауға шақырамын.

Мен білім министрі ретінде, әке ретінде қатардағы мұғалім еңбегін жете түсініп, қадірлеймін. Біз алдымызғы бірінші кезекте оқытуға ыңғайлы жағдай жасап, игі істің иесі – ұстаздың мәртебесін көтеру міндеттерін қойып отырмыз.

Сіздермен бірге күш-жігерімізді біріктіріп, жақсы нәтижеге бірге жетуді өте маңызды санаймыз.

Біз Сіздерге білім бағдарламалары бойынша, сондай-ақ, басқа да маңызды деген мәселелер жөнінде үнемі толық ақпар жолдап, пікірлеріңізді білгіміз келеді. Сізді толқытқан ойларыңызбен бірге ықылас тудырған сұрақтарыңызды да күтеміз – шешім қабылдау кезінде біз Сіздердің ой-пікірлеріңізге сүйенеміз. Жиі қойылатын сұрақтарға жауап міндетті түрде беріледі.

Бүгіннен бастап, біз сіздерге әрдайым бәрімізді ойландыратын тақырыптарға, атап айтсақ: оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту механизмдері; біліктілікті арттыру; оқулықтар; қазақ тілін оқытудың жаңа методикасы; қазақ тілінің мәртебесі; ағылшын тілі мұғалімдерін дайындау; ағылшын тілінде оқытылатын пән мұғалімдерін даярлау; ҰБТ; пәндерді интеграциялау; 5-күндік оқу аптасына көшу; мектептерге қаржылық дербестік беру; мұғалімнің қорғалуы, т.б. маңызды мәселелерге байланысты ақпарат жолдаймыз. Бізбен тілдесуге белсенді қатысатындарыңызға көп үміт артамыз. Сіздің пікірлеріңіз біз үшін өте маңызды.

Құрметпен,

ҚР Білім және ғылым министрі

Ерлан Кенжеғалиұлы Сағадиев.

Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту *ҚР БҒМ мектепке дейінгі және орта білім департаменті*

Білімнің мазмұнын неге жаңарту қажет?

Бүгінгі бала – ертеңгі маман. 21 ғасыр жағдайында бәсекелестікке қабілетті, табысты болуы үшін, ол еңбек нарығында өз орнын таба алатын дәрежеге жетуі тиіс.

Біздің мектепте балаларға берілетін білімінің бәрі – оқу және жазуға дағдыландыру болсын, математикалық, қаржылық, мәдени, азаматтық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында сауаттылықтарын ашу, немесе жаратылыстану ғылымдарын оқыту болсын – оларды тек күнделікті қарапайым міндеттерді атқару мүмкіндігіне жетелейді.

Ал, заман талаптарына сай, күрделірек мәселелерді шешу үшін, оқушыларға классикалық білім берумен қатар, олардың **сыни, жасампаздық ойлау қабілеттерін, қарым-қатынас құру және командалық жұмысқа бейімділіктерін дамыту** қажет.

Баланың бойында **білімпаздық, ынталылық, қажырлылық қасиеттерін дамытып, көшбасшылық нышандарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени мәселелерден хабардар ету** қажеттігіне шүбә келтірмейміз. Осының бәрі, классикалық біліммен қатар, орта білім мазмұнына құндылықтар мен іскерлік тәсілдеме арқылы енгізіліп отыр.

Елімізде осындай оқу бағдарламаларын әзірлеп, сынақтан өткізу бойынша кең ауқымды жұмыс жасалды. Ол 5 жылдан астам уақыт жүргізілді. Бұл еңбегіміз 30 мектепте апробациядан сәтті өтті. Бағдарламаларымыз бұл мектептерде оқитын балалардың мұғалімдері мен ата-аналар тарапынан өте жоғары бағаланып отыр.

Бұл – кәдімгі қалалық, ауылдық, шағын жинақты мектептер. Барлығы да бейімделген бағдарламаны жақсы қабылдап отыр. Нәтижесінде мұғалімдер үшін оқыту барысының жеңілденгенін көріп отырмыз.

Демек, жаңа оқу бағдарламаларында **білім берудің академиялық мазмұны толықтай сақталған**. Өзгеріс – жүйелі оқыту мақсаттары арқылы ұсынылып отырған діттелген нәтижелерде. Оқу материалдарын мазмұндау барысында үйреншікті спиральды тәсілдеме қолданып, оның сабақтастығы, пәнішілік және пәнаралық интеграция қамтамасыз етілді. Тіл оқыту пәндері балаларды сөйлеу қызметінің 4 қырын, атап айтқанда – тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға бағыттталып отыр. Бұл жаңа коммуникативтік методика қолданыстағы грамматикалық-аудармалық тәсілдің орнын басады.

Осы күнге дейін біз оқушының жалпы білімі мен түсіну деңгейін бағалап, сол білімді қолдану ептілігіне мән бермей келдік. Енді білім бағалау ұғымы кеңейіп, мұғалім оқушының ақпарды сараптау, синтездеу, және жағдайды бағалау қабілеттерін сынайды. Нәтижесінде, **бағалаудың**

критериалды жүйесі ұстаз тарапынан оқушыға педагогикалық көмектің көрсетілуіне, оқушының өз жетістіктерін жете түсінуіне, сондай-ақ, министрліктің оқу бағдарламаларының қаншалықты тиімді екендігін анықтауына мүмкіндік береді.

Осылайша, **мазмұн, оқыту және бағалау арасындағы өзара байланыс** қамтамасыз етіліп отыр.

Бірыңғай негізгі оқулықты ендіру ел көлемінде ең таңдаулы оқу құралдарын қолдануға және оларды жетілдіруге мүмкіндік туғыза отырып, барлық мектептердегі білім деңгейін теңестіреді. Сонымен қатар, мектептерде қолдануға рұқсат етілген қосымша әдебиет тізімі де кеңейеді. Негізгі оқулыққа иелік құқығы мемлекетке тиесілі екендігін естеріңізге саламыз. Оқулық құрастырушыларының бәрі де осыған келісіп отыр.

Сіздермен бірге жасалатын жұмыстың өте маңызды тармағы – **оқу процессін ұйымдастыру**. Білім беру саласына функционалдық сауаттылық бағдарламасын енгізген ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы. Оған әлемнің дамыған 21 мемлекеті мүшелік етеді) елдері дәстүрлі оқулықпен қатар **цифрлық оқыту ресурстарын (ЦОР)** қолданады. ЦОР – оқыту барысында қолданылатын бейнематериалдар мен интерактивті сабақтар. Әрине, олар педагогты оқыту ісінен шеттетпейді. Ұстаз сыныптағы басты фигура болып қала бермек. Алайда, бейнематериалдар мен интерактивті сабақтар оқытушының балаларға қажетті ақпаратты жеткізу міндетін айтарлықтай жеңілдетері сөзсіз.

Бүгіндері Қазақстан мен шет елдерде әзірленген ЦОРлар еліміздің 700-ден астам мектептерінде қолданысқа енгізілді. Оларды қолданып жатқан мұғалімдер өздерінің оң пікірлерін айтып жатыр. Осыған байланысты биылғы күзден бастап, барлық мектептер техникалық комплекттермен (экран, проектор және компьютер) жабдықталып, ЦОРлардың жаппай қолданылуы жоспарланып отыр. Бұл жұмыс ең аз жабдықталған мектептерден басталмақ. Жылдам Интернет желісі жоқ мектептерде цифрлық ресурстар компьютерлерге енгізіліп, мерзімді түрде жаңартылып отырады.

Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңартумен қатар, білім беру жүйесі **жоспарлы түрде 5-күндік оқу аптасына** көшірілмек. Өзгерістерді енгізе отырып, біз оқу жылының тым ұзаруына жол бермеу қажеттігін жете түсінетіндігімізді жеткізгіміз келеді. Оқу жоспарларын үйлестіруді методолог мамандар мен ұстаздардан құралған топ қолға алды. Бірінші сынып оқушылары алдағы оқу жылын 2017 жылдың 30 мамырынан кешікпей аяқтайды. Біздің жоспарымыз бойынша, 5-күндік оқу аптасына көшірілгеннен кейін бастауыш сынып оқушылары оқуларын 30 мамырға дейін, ал негізгі және жоғары сыныптарда оқитындар – 10 маусымға дейін аяқтайды.

Жаңартылған мазмұн мен 5 күндік оқу аптасына көшу кестесі:

1 қыркүйек 2016 ж. – 1 сыныптар;

1 қыркүйек 2017 ж. – 1, 2, 5,7 сыныптар;

1 қыркүйек 2018 ж. – 1,2,3,5,6,7,8,10 сыныптар;

1 қыркүйек 2019 ж. – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11 сыныптар.

Бастауыш сыныптардағы кейбір сабақтарды пән мұғалімдері өткізетіндіктен, мұғалімнің апталық жұмыспен қамтылу мөлшері азаятындығын түсінеміз. Министрлік сол сағаттардың орнын толтырудың түрлі жолдарын мектеп директорлары мен мұғалімдермен талқылап, қарастыруда. Бұл мәселенің толық шешімі туралы сіздерге кейінірек мәлімдейміз.

Жаңартылған мазмұн бағдарламасы бойынша **бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру** жұмысы да табысты өтуде. Қазіргі таңда курстарды 25 мың мұғалім аяқтады. Бәрі де жақсы лебіздерін айтып жатыр. Біздің жоспарымыз бойынша, 12 тамызға дейін қалған 29 мың бастауыш сынып мұғалімдері курстарды тәмәмдайды.

Құрметті ұстаздар, сіздерді қолдау мақсатында министрлік өткізілетін іс-шаралардың нақты жоспарын әзірледі: мұғалімдердің біліктілігін арттырумен қатар әр мектеп үшін өз мұғалімдері ішінен тренерлер дайындау; бастауыш сынып оқытушылары үшін құрамына жүйелі-әдістемелік комплекс пен пікір алмасу форумы кіретін Интернет-платформаның сайты әзірленіп жатыр; сондай-ақ, онлайн сабақтар мен семинарлар өткізілмек.

Қадірлі әріптес!

Келесі хатымызды 12-жылдық білім беру мәселесіне арнап, бүгінгі тақырыбымыз бойынша сіздердің жиі қоятын сұрақтарыңызға жауап береміз.

Осы хаттың алынғаны жөнінде хабар беруіңізді сураймын.

Құрметпен,

**ҚР БҒМ мектепке дейінгі және орта білім
департаментінің директоры
Жаңыл Алпамысқызы Жонтаева.**